

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК

«Ақпараттық жүйелер» бөлім жиналысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар саны: 20

Өткізілген күні: 02.12.2024ж.

Өткізілген орны: 217

Күн тәртібінде:

- 1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы;*
- 2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқытушылармен, студенттермен, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы;*
- 3. «ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның баптары*
- 4. Әр түрлі сұрақтар*

Тыңдалды:

Бөлім меңгерушісі Әйгерім Болатбекқызы сөз алып, күн тәртібімен оқытушыларды және топ жетекшілерін таныстырып, жиналысты ашты. 2024-2025 оқу жылының I-семестрінің барысы бойынша түсіндірме жұмыстары атап айтқанда студенттердің сабаққа түгел, әрі толық қатысуы, киім үлгісі, ішкі мәдениетті қатаң сақтау мәселелеріне тоқталып өтті.

«Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін тәрбиелеуде ата – аналардың рөлі қандай?!», сонымен қатар «Оқушылар, студенттер сыбайлас жемқорлық қағидаларын қаншалықты сақтап жүр?» тақырыптарында талқылау жүргізілді. Заңсыз ақшалай қаражат жинамаудың алдын алу туралы айтылды.

Құқық бұзушылықтың алдын. Алу мақсатында сабақтан тыс уақытында, демалыс және мереке күндерінде ата – аналар оқушыларды бақылаудан жібермеу, қадағалу туралы. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында (ҚР әкімшілік Кодексінің баптары) түсіндіру. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басты мақсаттардың бірі екені және оған барынша атсалысу туралы айтылды.

Бөлім меңгерушісі Әйгерім Болатбекқызы топ жетекшілерге студенттердің толық сабаққа қатысуы, киім үлгісі, студенттермен тығыз жұмыс жүргізу жұмысын күшейтуді талап етті.

Әр түрлі мәселелер. Бөлім меңгерушісі Әйгерім Болатбекқызы жиналыс соңында әр – түрлі мәселелерге тоқталып, оқытушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы бойынша студенттердің сабаққа қатысу үлгерімі мен оқу үлгерімі қатаң қадағалауға алынсын. Сабақтан себепсіз

қалатын студенттерді түзету жұмысы нығайтылсын. Колледжішілік тәртіп қатаң түрде сақталынсын.

2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплеанс-қызмет жұмысы тобының жоспары негізінде өткізілетін жұмыстардың барлығына толық атсаалысу қамтамасыз етілсін.

Сыбайлас жемқорлық мәдениетін, қағидаларын қатаң сақтау барлық оқытушылар мен студенттерден талап етіледі.

3. Әрбір берілген тапсырма уақытылы және жауапкершілікпен атқары лсын.



Бөлім меңгерушісі:

Жиналыс хатшысы:

Нұрбекова Ә.Б.

Абишева С.О.

